

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді мамандар даярлаудың 2010-2014 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 22-291қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2010 жылғы 17 мамырда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 630 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімінің 2014 жылғы 27 маусымдағы № 107-1050 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімінің 27.06.2014 № 107-1050 қаулысымен (01.07.2013 бастап күші жойылды).

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.16 N 22-544қ (қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді мамандар даярлаудың 2010-2014 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – Мемлекеттік білім беру тапсырысы) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.16 N 22-544қ (қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) бекітілген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын тиісті білім беру ұйымдарында Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Басқарма осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары
А . Ғ . Б а л а е в а ғ а жүктелсін .

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

И. Тасмағамбетов

Астана қаласы әкімдігінің
 2010 жылғы 12 сәуірдегі
 № 22 - 291 қ қаулысына
 қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.16 N 22-544қ (қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді мамандар даярлаудың 2010-2014 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.16 N 22-544қ (қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Мамандық коды	Техникалық және кәсіптік білімді, орта білімнен кейінгі білімді мамандар даярлау бағыттарының атауы	Оқушыларды қабылдау				
		Барлығы	9-сынып		11-сынып	
			қазақ тілінде оқыту	орыс тілінде оқыту	қазақ тілінде оқыту	орыс тілінде оқыту
Мемлекеттік кәсіптік лицейлер						
№ 1 кәсіптік лицей						
0510000	Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану	25	55	-	-	-
0902000	Электрмен қамтамасыз ету	25	55	-	-	-
1114000	Пісіру ісі	50	55	50	-	-
1201000	Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету	25	-	50	-	-
1401000	Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану	50	-	50	-	-
1403000	Ішкі санитарлық-техникалық құрылғылар мен вентиляцияны монтаждау және пайдалану	25	55	-	-	-
	Барлығы	200	100	100	-	-
№ 2 кәсіптік лицей						
0416000	Сәулет	30	-	30	-	-
0508000	Тамақтандыруды ұйымдастыру	120	60	60	-	-
1211000	Тігін өндірісі және киімдерді моделдеу	30	-	30	-	-
	Барлығы	180	60	120	-	-

№ 3 кәсіптік лицей

0506000	Шаштараз өнері және сәндік косметика	60	-	30	-	30
1211000	Тігін өндірісі және киімдерді моделдеу	60	30	30	-	-
1219000	Нан пісіру өндірісі, макарон өндірісі және кондитер өндірісі	60	-	60	-	-
	Барлығы	180	30	120	-	30

№ 4 кәсіптік лицей

0904000	Темір жол электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету	30	30	-	-	-
1108000	Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету	30	-	30	-	-
1109000	Токарлық іс және металл өңдеу	30	-	30	-	-
1415000	Лифт шаруашылығы және эскалаторлар	30	30	-	-	-
	Барлығы	120	60	60	-	-

№ 5 кәсіптік лицей

1306000	Радиотехника және байланыс	25	-	25	-	-
1307000	Электр байланысы жүйелі құрылыстары мен сымдық тарату жүйелерін пайдалану	50	25	25	-	-
	Барлығы	75	25	50	-	-

№ 6 кәсіптік лицей

0508000	Тамақтандыруды ұйымдастыру	25	25	-	-	-
0902000	Электрмен қамтамасыз ету	25	-	25	-	-
1201000	Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету	25	25	-	-	-
1402000	Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану	25	-	25	-	-
	Барлығы	100	50	50	-	-

Мемлекеттік колледждер

Политехникалық колледжі

0402000	Дизайн	25	-	25	-	-
0507000	Қонақ үйі шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру	25	-	-	-	25

0508000	Тамақтандыруды ұйымдастыру	50	25	25	-	-
0511000	Туризм	25	-	25	-	-
0518000	Есеп және аудит	50	25	25	-	-
1201000	Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету	50	25	25	-	-
1206000	Жол қозғалысын ұйымдастыру	25	-	-	25	-
1304000	Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру	75	25	50	-	-
1401000	Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану	25	-	25	-	-
	Барлығы	350	100	200	25	25
Гуманитарлық колледжі						
0101000	Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу	130	55	50	25	-
0103000	Дене тәрбиесі және спорт	52	26	26	-	-
0105000	Бастауыш білім беру	133	82	51	-	-
0106000	Бейнелеу өнері және салу	20	20	-	-	-
0107000	Технология	25	-	-	25	-
0108000	Музыкалық білім беру	7	7	-	-	-
0111000	Негізгі орта білім	26	26	-	-	-
	Барлығы	393	216	127	50	-
Көлік және коммуникация колледжі						
0902000	Электрмен қамтамасыз ету	25	25	-	-	-
1106000	Темір жол жылжымалы құрам өндірісі	25	-	25	-	-
1107000	Көтергіш көлік, құрылыс жол машиналары мен жабдықтарын техникалық пайдалану	25	-	25	-	-
1108000	Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету	30	30	-	-	-
1202000	Жолаушылар мен жүкті тасымалдауды ұйымдастыру	25	-	25	-	-
1309000	Оптикалық және электронды құрал-жабдықтар	25	25	-	-	-
1310000	Көліктік радиоэлектрондық жабдықтарды техникалық пайдалану	25	-	25	-	-
1409000		30	30	-	-	-

	Темір жол құрылысы, темір жол және темір жол шаруашылығы				-	
1410000	Автомобиль жолдары мен аэродромдар салу және пайдалану	25	-	25	-	-
	Барлығы	235	110	125	-	-
Экономика, технология және тағам өнімдерін стандарттау колледжі						
0518000	Есеп және аудит	50	25	25	-	-
0601000	Метрология, стандарттау және сертификаттау	50	25	25	-	-
1226000	Тамақтану мекемелері тағамдарын өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру	50	25	25	-	-
1508000	Орман шаруашылығы, бақ-саябақты және ландшафты құрылыстар	50	25	25	-	-
	Барлығы	200	100	100	-	-
Медициналық колледж						
0301000	Емдеу ісі	75	25	25	25	-
0302000	Медбикелік іс	275	100	75	75	25
0305000	Лабораториялық диагностика	25	-	-	-	25
0309000	Акушерлік іс	25	-	-	25	-
	Барлығы	400	125	100	125	50
Мемлекеттік емес колледждер						
Басқару колледжі						
0402000	Дизайн	25	25	-	-	-
1211000	Тігін өндірісі және киімдерді моделдеу	25	-	25	-	-
	Барлығы	50	25	25	-	-
	Жиынтығы	2858	1195	1358	200	105